



EGEMEN QAZAQSTAN

газетінің PDF нұсқасы

## Зәки Уәлиди Тоған. «Естеліктер»

(Соңы. Басы 40-нөмірде)

### Лениннің ахлақ (мораль) туралы түсінігі

Башқұртстан мәселесін қараған комиссияның жұмысына кеңесу үшін мені де шақырып тұратын. Мамыр айында комиссия бес баптан тұратын қарар алды. Бұл да Ленин мен Калининнің қолдары қойылғаннан кейін Кеңес өкіметінің ресми қаулысы ретінде күшіне енді. Қаулыда өлкеміз заң, халық ағарту ісі, ауыл шаруашылығы сияқты мәселелерде тәуелсіз, алайда сыртқы саясат, экономика, қаржы, байланыс торабы және жол істері бойынша РСФР-ге тәуелді болып, автономиялық мәртебе алды.



Дархан ҚЫДЫРӘЛІ



Әскерімізді басқару мәселесінде оны «Түркістан әскери округіне» емес, «Волга әскери округіне» қарасты бөлімше ретінде шешім шықты. Комиссия мүшелерінен Каменев маған автономияны осыншалықты шектеуді қаламағандығын, өлкеге Уфа қаласымен бірге бірнеше орыс қаласын да қосып беруді ойлағанын, дегенмен ол пікірді әзірге жүзеге асырудың қиын екенін жеткізді. Қаулы шыққаннан кейін Ленинге бардым. Оған: «1919 жылы наурыз айында келісілген уағдаластық бар еді. Оған бәріміз де қол қойғанбыз. Ол жерде шығыстың езілген бір ұлтының құқықтары толық болмаса да танылған еді. Арада 14 ай өтті, олар да әуеге ұшып кетті», дедім. Ленин: «Сіз неге мұндай моральдық мәселелерді айтып тұрсыз? Қандай төңкерісшісіз? Мұндай бос уәделерге неге сенесіз? Сізбен біздің арамызда қол қойылған уағдаластық ешкімді ешнәрсеге тәуелді етпейтін жай ғана қағаз қиындысы болатын», деп қарсы сұрақпен жауап берді. Мен де: «Біз адами қатынастардың осындай қағаздарға құрмет көрсетуден басталатынына сеніп жүрген едік», дедім. Ленин былай деді: «Онда жаңылып жүр екенсіз. Сіз біздің арамызда әлі көп нәрсе үйренесіз. Мен шын жүректен сіздің бізбен бірге бүкіл Ресей мен жер жүзінде үлкен шаруалар атқаратыныңызға сенгім келеді. Бір кездері қажеттілікке орай қол қойылған бір жапырақ қағаз үшін салғыласып, тәжікелесіп тұру сізге жараспайды. Әлі көресіз, алдымызда бұдан да маңызды істер күтіп тұр». Оның бұл сөздерінен мені өзімен бірге жұмыс істейтін жолдасы ретінде көргісі келетініне және тұтас Ресей аймағы бойынша жұмыстар жүктегісі келген ойының шынайы болуы мүмкін екеніне сендім. Қоштасып тұрып ол маған бірнеше қағаз берді. «Бұларды оқып шығыңыз. Осындағы жайттар туралы әңгімелесеміз. Алайда ойларыңызды жазбаша түрде беріңіз», деді нығыздап.

«Метрополь» қонақүйінде Кеңес өкіметінің тұтқасын ұстап жүрген көптеген белгілі саясаткерлермен әңгімелесетін едік. Ол кезде партия мүшелері мен жеке тұлғаларды анду ісі әлі басталмаған болатын. Көптеген жайтты ашық айтып, еркін сөйлесе беретінбіз. Бір күні Кеңестік Украина өкіметінің басшысы Петровскийге ұлттық республикалардың ата заңдары және Ленинмен арамызда болған әңгіме туралы айтып отырып, эзіл-шыны аралас: «Ленин түпкі мақсатқа жету үшін барлық жолдарды қолдануға болады деп есептейді екен, онда «егер бүгін түнде анаңмен некелесер болсаң, ертең бүкіл әлемде пролетар билігі орнайды екен» десең, бұған да барар ма еді?» деп сұрадым. Петровский ойланбастан: «Әлбетте, дәл солай жасайтын еді. Ленин мұндай мәселелерге тек тактикалық тұрғыдан ғана қарайды. Айталық, ол мұндай жағдайда «халық арасында сөз шығып кетіп, бізден бұрылып кетпес пе екен?» деп қана ойлайды. Әйтпесе оның бұл сияқты мәселелерге көзқарасы дінмен ғана емес, ахлақ және дәстүр бойынша да шектелмеген. Оның ахлақ туралы түсінігі пролетарияның тап күресіндегі қажеттіліктерімен өлшенеді. Біздің көптеген одақтасуымыз уақытша ғана. Бұлардың кейбіреулері Лениннің жалған құжаттарға қол қойғанын көріп, айнып кетті. Уағдаластық пен келісімдердің тек қажеттілік жағдайында ғана үкімі бар. Десе де мен бұл мәселеде Ленин сияқты шектен шығып кете алмаймын», деді. Менің: «Ленин интернационализм туралы пікірінде шынайы ма? Немесе оның көкейінде де великорустық пиғыл жатыр ма?» деген сұрағыма Петровский: «Коммунизм идеясының бүкіл жер жүзіне үстемдік орнатуы жолында Ленин расында да ұлттан тысқары тұрады. Алайда тарихи, жағрафиялық және экономикалық тұрғыдан ұлы Ресейді мекендейтін халықтарға келгенде оның интернационализм туралы айтқандары алдамшы сөздер ғана. Ол бұл мәселеде великорустың дәл өзі. Ол коммунизмді ұсақ ұлттармен емес, орыс, ағылшын, қытай сияқты ұлы халықтар арқылы және олардың империалистік дәстүріне сай жүзеге асырғанды жөн көреді. Мұны анағұрлым қысқа жол деп біледі», деп жауап берді.

Бір күні, екеуімізден басқа ешкім жоқ кезде Петровскиймен әңгімелесіп отырып, одан былай деп сұрадым: «Григорий Андреевич, сіз 25 жылдан бері партияға мүшесіз. Ленинмен жолдас болдыңыз. Лениннің великорустық шовинизмі бар ма? Әйтпесе оның шығыс елдеріндегі кейбір шовинист орыстарды қолдап отыруының себебін қалай түсінуге болады? Ол неге аймақтардағы ұлттық коммунистерді ұсақ буржуазия өкілдері деп атайды?». Менің сұрағыма Петровский былай деп жауап берді: «Ленин великорустық мәселеде Бірінші Петрден де асып кетеді, әйтсе де ол великорус ұлтын капитализмнен азат ету шартымен үлкен социалистік шеңберде және басқа ұлттарға үлгі етіп көрсету үшін ұлықтайды. Сондықтан оның мүддесін өзге ұсақ ұлттардың мүддесінен жоғары қояды. Демек ол великорустық пиғыл болмаса да,

великорустық саясат жасап отыр. Сол сияқты біз де Украина мәселесінде Украина ұлтшылдарынан өзгеше ұстанымымыз болғанына қарамастан, Ленинмен үнемі келіспей қаламыз. Ленин орыстың қоластына қараған ұсақ ұлттар туралы басқаша ойлай алмайды. Бұл жайттың кең етек жайғаны соншалық, біз кейде мұны оның өзіне айтуға бата алмаймыз. Ленин «Ағысқа қарсы» деп аталатын еңбегінде ұсақ ұлттардың қорғаушысы сияқты болып көрінген еді. Десе де теорияның дәуірі әлдеқашан өтіп кетті. Қазір ол да көптеген великорус достары сияқты ұсақ ұлттардың сіз секілді төңкерісшіл өкілдері мен партия мүшелеріне «ұсақ буржуазия» деп қарайды. Великорустық идеяны басы бүтін толық қабылдағанға дейін оларға дұрыс яки бұрыс болсын, алайда «ұсақ буржуазия өкілі» деген таңба тағыла береді. Біздің ортақ дұшпанымыз капитализм мен капиталистік империализм болған жағдайда, великорустық большевиктер мен ұсақ ұлттардан шыққан партия мүшелерінің арасында бірін-бірі алдау осылайша жалғаса береді. Мұны осылай деп түсінген жөн және осылай деп қабылдау қажет».

Лениннің ең жақын әрі ең жанашыр достарының бірі болған Петровскийдің өз аузынан естіген бұл сөздерді түркістандық достарымның біріне айтқан едім. Қателеспесем, бұл досым – Тұрар Рысқұлов болатын. Ол да мұны Бөкей Ордасындағы коммунист достарының біріне хат арқылы жазып жіберіпті. Петровский маған бұл сөздерді Ленинмен арасында бір түсініспеушілік болғандықтан айтқан шығар деп топшыладым. Сол кездері Түркиядан доктор Фуат Сабит деген бір кісі келген еді. Бұл кісі бұрын түрікшілердің сапында болғанымен, соңғы кездері коммунизм идеясына бүйрегі бұрып жүр екен. Тіпті, оның қызығушылығы шынайы сенімнен туғандай еді. Түркияда оқыған татар зиялысы астрахандық Нежіп Асри мырза да оны көріп, мен жазды екен деп ойлаған хатты қазақшадан түрікшеге аударып, доктор Фуатқа беріп жіберіпті. Ол да Анкараға оралғаннан кейін бұл хатты Мұстафа Кемал пашаға беріпті. Ол кездері Ресей түріктері мен Түркия арасындағы байланыстар өте тығыз болатын. Кейін Мәскеудің «Метрополь» қонақүйіндегі әңгімелерге қатысты достарыма айтқан жайттардың қағаз бетіне түсіп Түркияға дейін келгенін және пайдалы болғанын естіп таңғалдым. Маған Лениннің ахлақ туралы түсінігі мен ұстанымдарын және орыс ұлтшылдығына қатысты ойларын түсіндіріп берген осы Григорий Петровский еді. Әрине ол өзі сияқты менің де туған халқым великорустардан қандай қорлық көрсе де, бәрібір Ленинге адал болып қалатыныма сенгендіктен осындай ашылып әңгіме айтқан еді. Десе де, Мәскеуден кетіп, Кеңес өкіметіне қарсы әрекетке көшкенімнен кейін де оның мен туралы жақсы пікірде қалғанын сол кісі сияқты жолдасым болған Рудзутак, досым Тұрар Рысқұловқа айтқан екен.

Лениннің ахлақ туралы түсінігі мен келісімшарттарға қандай көзқараспен қарайтыны туралы 1924 жылы Берлинде жиналған «Солшыл социалистердің құрылтайында» (бұл мәжіліске қазіргі Италия солшыл социалистерінің көсемі Ненни де қатысқан еді) жасаған баяндамада айтқан едім. Ол неміс және орыс солшыл социалистерінің басылымдарында («Klassenkampf», 14.01.1925; Знамя борьбы», №9-10. 1925) жарық көрді. Осы құрылтайда және жарияланған мақалада мен: «Біз, азиялықтар Ленин күнсыз деп қарайтын осындай қағаздарға сеніп үйренгенбіз. Біз бұрын Ленинді Ташкенттегі Колесовтан, Орынбордағы Звиллингтен, орталықтағы Артемнен мүлдем басқа тұлға ретінде елестететін едік. Енді қазір Лениннің бұлардан ешқандай айырмасы жоқ екеніне толық көзіміз жетті» деп айттым. Башқұртстан коммунистік партиясына мүшелікке жазылған кейбір зиялылар жоғарыдағы 19 мамыр оқиғасын естіп, партия мүшелігінен бас тартыпты. Самойлов олардан бұл әрекеттің себебін сұрағанда: «Келісімшарт пен уағдаластықты танымай, 19 мамыр қаулысын қабылдаған партияға мүше болмаймыз» деген жауап естіген екен. Самойлов бұл оқиғаны өзінің еңбегінде жазды да.

### **Жасырын ұйым мәселесі**

Сонау 1919 жылдың наурызында Мәскеуде III Интернационал (Коминтерн) құрылған уақытта Башқұртстан үкіметінің астанасы Тиместе осы Интернационалға жеке мүше болып кіру үшін «Шығыс социалист партиясын» құру жолында істер атқарған едік. Сол кездері қазақ зиялылары арасында да, Ташкентте де осы бағытта жұмыстар жүріп жатты. Осы жылдың наурыз айында коммунистік партияның «Башқұртстан өлкелік комитетін» құру кезеңінде Түркістанда социализм қозғалысын Ресей коммунистік партиясына бағыныштылықтан құтқарып, «шығыс социализмі» ретінде тікелей III Интернационалдың құрамына кіргізу үшін

қайта әрекет жасалды. Тіпті, Башқұртстанда тұратын татар зиялыларының бірі Ілияс Алкин мен жолдастары 12 баптан тұратын бағдарлама да дайындап үлгерді. Алайда Орталық комитет бұл әрекеттерді ысырып тастады. Осы кезде Мәскеуде өзбек, қазақ ұлттарының көрнекті өкілдері Низамхожаев, Тұрар Рысқұлов, Ахмет Байтұрсынов және басқалары бар еді. Орталық комитеттің «мұсылман ұлттардың коммунистік орталығы» жантауының алдында ғана болатын. Орталық «Шығыс социалистік партиясын» құруға ресми түрде рұқсат бермегендіктен, осы ұйымды жасырын түрде жалғастыруды және сол арқылы Түркістан, Қазақстан және Башқұртстанда Бұхара мен Хиуаның өлкелік коммунистік партияларын қолға алуды ұйғардық. Оның үстіне біз Башқұртстанда Башқұрт ұлттық ұйымынан 14 кісінің Түркістанға барып жұмыс істеуіне шешім қабылдағанбыз. Мәскеуде осы ойдың төңірегінде сөз болып, жоспарлар жасалды. Кеңестермен жұмыс жасайтын бір топтың Түркістандағы жәдитшілермен байланысы болғандықтан және социализм идеясына оң қарамайтындықтан, сондай-ақ екінші бір топтың шынайы түрде социализм идеясын қабылдағанын ескере отырып, осы екі топтың жеке-жеке екі партия құруын әрі екі түрлі бағдарлама төңірегінде жұмыс жасайтындықтарына қарамастан, ортақ мәселеде ұйымдасып әрекет етуін мақұл деп таптық. Сол жерде екі түрлі бағдарламаның және екі топтың арасындағы ортақ үндестіктің кілті де табылды. Ташкент пен Қазақстаннан кейбір достарды шақырдық. Кеңес өкіметі Башқұртстан өкілдігі үшін қаланың ортасынан бұрынғы байлардан қалған бір үйді берген еді, барлық мәжілістеріміз бен әңгімелеріміз сол үйде өрбіді.

### **Бұхарада құрылған ұйым**

Негізгі жұмысымыз Әмірге қарсы күресу мақсатымен, соны сылтауратып Бұхара ұлттық армиясын жасақтау және Хиуа, Түрікменстан мен Қазақстаннан өкілдер жинап, «Түркістан ұлттық бірлігі» ұйымын құру болатын. Бұл іске дайындық ретінде маусым айында Башқұртстаннан Қазақстанның барлық аймағына, сол жерден Құлжадағы жапондарға және Ферғанадағы басмашылардың қорбашыларына жіберілген кісі мен қазақ зиялылары жиналды. Қазақстаннан келген башқұрт зиялылары арасында Сейіткерей Мағазов болды. Бұлар бүкіл орталық Қазақстанды аралап, достарымызбен байланыс орнатқан еді. Сондай-ақ Ферғанадағы басмашылардан Шир Мехмет бектің жанында жүрген Илдерхан Мутиң мен Харис Игіліков, Рахманқұл қорбашының жанындағы Мұстафа Шахқұлов келді. Бұл Мұстафа ұлттық орталықтың Ташкент бөлімшесінің жетекшісі Садреддин ханмен бірге біраз уақыт Рахманқұлдың жанында болғаннан кейін астыртын Ташкентке оралып, татар зиялысы Ариф Керимиді қосып алып, Құлжадағы жапон өкілдігімен келіссөз жүргізу үшін жолға шыққанда Әулиеатада орыстардың қолына түсіп, тұтқындалған еді. Өзбек, қазақ ұлтшылдары араласып жүріп, әйтеуір оларды тұтқыннан босаттырған. Мұстафа Шахқұлов пен Ариф Керими Бұхараға келді. Бұлар Ресейдің жоғары оқу орындарын бітірген кісілер еді. Бұрындары Башқұртстанда мемлекеттік орындарда қызмет атқарған.

Қазақтардан «Алаш-Орда» мүшелері мен түрікмен зиялыларын да Бұхараға шақырдық. Олардың келуін күтіп жүргенде біз Бұхараның солтүстігіне, қаланың сыртына орналасқан Харгош деген ауылда, Әмірдің жақтастарынан бір байдың үйінде тұрдық. Бұл үйді үкімет тартып алған екен. Біздің Башқұртстан әскери жасағынан Еухади Ишмурзин, менің көмекшім Ибрахим Исхаков және бірнеше офицеріміз полковник Хейбетуллах Сүйіндіковтің басшылығымен ұйымдасып, Бұхара армиясында жауапты қызметтер алды. Қарши, Шехрисебз, Нур, Гузар, Кермине әскери жасақтары осылардың қолында болатын. Бұлардың бәрін Ариф тағайындайтын еді. Біздің мақсатымыз – орыстар ұлттық армияның құрылуына қарсы шыққан немесе құрыла бастаған армияны таратқан жағдайда басмашылармен бірігіп, шабуылға шығу болатын. Дегенмен, бұл үшін басмашылардың арасында ұлттық мүддені түсіндіру мақсатында кең көлемде үгіт-насихат жұмысын жүргізу шарт болатын. Ташкенттік және ферғаналық достарымыз бұл істі жақсы жолға қойған еді.

Ариф Бұхарада тұрып жатқан Түркиялық тұтқын офицерлерге әскери мектеп ашу үшін тапсырма берді. Олардың арасында Әли Рыза бектің басшылығымен жандарм жүйесін құруға да талпыныс болды. Алайда олардың тұрып жатқан жерлері мәлім әрі Ресейдің тыңшылары тарапынан барлық іс-әрекеттері бақылауда болғандықтан, біз олармен тек белгілі кісілер

арқылы ғана байланыса алатын едік. Ақпан айында түрікмендерден адвокат Қақажан Бердыев, Қазақстаннан Алаш-Орданың өкілдері Хайретдин Болғанбаев, Мұхтар Әуезов пен Дінше (Әділов) және әлі көзі тірі екі кісі келді. Бұхаралықтармен және өзбектермен жұмыс істеу оңайға түспейтін. Өйткені бұхаралықтар мен ташкенттіктер арасында өзара келіспеушілік болғаны сияқты, өзбектер арасында орыс мектептерінде білім алған зиялыларға, әсіресе қазақтарға жаппай «миссионер» деп қарайтын ықпалды топ бар болатын. Біз бұхаралық, өзбек, түрікмен және қазақ зиялыларымен бірге Харгоштағы штабымызда және Әмірдің «Ситаре-и мах-и Хасса» деп аталатын сарайының бір бұрышында жиналып, құрылып жатқан Ұлттық орталықтың бағдарламасы төңірегінде сөйлестік. Хиуада орыстар тарапынан күштеп тартылған ұлттық үкіметтің кейбір мүшелері жасырын жолмен Бұхараға келді. Олармен де әңгімелестік. Алайда бұл әңгімелердің ұзап кетуінен және жас бұхаралықтардың тартыншақтауынан қазақтар жалыға бастаған еді. Келіссөздер нәтижесінде Өзбекстанда социалист емес, діни бағыттағы «Жәдитшілдер» партиясы мен социалистік «Ерік» партиясы құрылып, бұл екеуі қазақтардың «Алаш-Орда» партиясымен бірігіп, біздің тарапымыздан ұсынылған төмендегі жеті баптан тұратын «ортақ платформаны» қабылдады:

1. Толық тәуелсіздік алу
2. Демократиялық республика жариялау
3. Ұлттық армия құру
4. Экономикалық жүйе, темір жолдар мен каналдардың құрылысы Түркістанның тәуелсіздігіне қызмет етуі тиіс
5. Халық ағарту ісін дәуірге сай жаңарту және батыс мәдениетімен танысу үшін орыстар арқылы баратын жолдан басқа мүмкіншіліктер қарастыру
6. Ұлт мәселесі. Мектептерді және мемлекеттің табиғи байлығынан елде өмір сүріп жатқан ұлттардың үлес салмағына қарап пайдалану
7. Дінге толық еркіндік беру. Дін істерін дүние істеріне араластырмау.

Қазақтар Діншені өкіл ретінде тастап, елдеріне қайтып кеткеннен кейін жәдит және Ерік партияларының жеке-жеке бағдарламалары айқындалды. Осы үш әрекет біздің Бұхарада жиналуымыздың үлкен нәтижесі болатын. Жалпы алғанда, мемлекетті бірі либерал, екіншісі социалист бағытындағы екі партиялық жүйемен және осы екі партияның ортақ бағдарламасы арқылы басқару туралы шешім қабылданды. Бұған бәрі де қуанып, келісім берді. Сейіткерей Мағазов жеті баптан тұратын ортақ бағдарламаны өлеңге қосып, жырлады. Бұл классикалық туынды болатын.

Аударған  
**Дархан ҚЫДЫРӘЛІ**